



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
201__ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 201__ года

2018 жылы 24 қаңтарда
жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Біздің депутаттық сауалымыздың негізі, еліміздегі жолаушылар тасмалдайтын автобустардың қатысымен жол көлік апаттары жиі қайталануына байланысты болып отыр.

Ағымдағы жылдың 18 қаңтар күні Ақтөбе облысында «Самара-Шымкент» тас жолында жан түршігерлік апат орын алды. Соның салдарынан өкінішке орай елу екі адам автобустың ішінде тірідей өртеніп қаза тапты. Үш облыстың қадағалау бекеттерінен өткені, бұл назар аударатын мәселе. Тағы бір келеңсіз оқиғаны атап өтетін болсақ, Ресейдің Владимир облысында «Санкт-Петербург – Нижний Новгород» бағытындағы пойыз, темір жолы өткелінде Қазақстандық жолаушылар автобусын соғып, апат салдарынан он сегіз адам қаза болып, ондаған адам жаракат алды. Сонымен қоса, Ақмола облысында автобус жүргізуші авто тұрақта жүректің тоқтауына байланысты қаза тапты, егерде жолаушыларды тасмалдау кезінде болғанда бұл үлкен апатқа алып келуі мүмкін еді. Өкінішке орай, осындай жағымсыз жағдайлардан жыл сайын мыңдаған азаматтар зардап шегуде.

Жоғарыда келтірілген апаттардың негізгі себебі қылмыстық немқұрайлылық және жауапсыздық болып отыр. Жолаушы тасмалдаушылар ескі автобустарын жаңалау былай тұрсын, жөндеу шығынын да азайтып, ескі-құсқы жарамсыз халде жолаушылардың өмірін қауіпке тігіп, тәуекелділікке салынып автобустарын жүргізетіндер жеткілікті. Сонымен қатар, ел аумағында қаншама бақылаусыз жүрген жеке меншік автобустар жетерлік. Осындай автобустар авариялық апатқа ұшыраған жағдайда жүргізушіні айыпқа тартып жатады, ал транспорттық компаниялар жауапкершіліктен басын алып қашып жатады. Осындай жайттарды ескере


отырып, транспорттық компаниялардың жауапкершілігін арттыру қажет деп санаймыз.

Алдағы уақытта, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жолаушылар тасмалдайтындарға республикалық және облыстық деңгейде жан-жақты іс-шаралар ұйымдастырып, автокөлік құралдардың техникалық жағдайына қатал талап қою, автобустардың қолдану мерзіміне шектеу жасау, заманауи бақылау құралдарды (тахо-шайба) пайдалануды міндеттеу, автобус жүргізушілердің денсаулығына тексеру жүргізіп, бақылауды күшейту қажет деп есептейміз.

Осы депутаттық сауалға, жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

**«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері**

 **Қ. Ержан**


 **М. Әшімбаев**

 **Ф. Қаратаев**

**«Халық коммунистері»
Фракциясының мүшесі**

 **Т. Сыздықов**

**«Қазақстан халқы Ассамблеясы»
депутаттық тобының мүшесі**

 **Ш. Нурумов**